

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР КАФЕДРАСЫ

Медициналық көмектің сапасы

Орындаған: Ержігіт Аида
Топ: 2-010 ЖМФ
Қабылдаған: Оспанова Ж.Б

Жоспар

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлімі.

1. Сапалы медициналық көмек және оның сипаттамасы.
2. Медициналық көмектің жоғары сапалалығына жетудің шарттары
3. Медициналық сақтандыру.
4. Науқастардың медициналық көмекпен қанағаттанбауының негізгі себептері.

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиетер.

Кіріспе

Медициналық қызметкерлерге қанағаттану дәрежесі мен науқастың білім деңгейі мен денсаулық жағдайының арасында байланыс жатыр. Медициналық қызметкерлермен жақсы қарым-қатынаста болу, науқастың медициналық көмекпен қанағаттануына зор ықпалын тигізетіні рас. Қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында түрлі әдістер қолданылады. Науқастарға анкета жүргізу арқылы медициналық көмектің жеткіліктілігін, медициналық қызметкерлерінің сыпайылығын, білімін бағалауға, науқастың мекемеге деген қанағаттылығының деңгейін растауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» №193-IV Кодексінде :
«Медициналық көмектің сапасы – көрсетілген көмектің уәкілетті орган бекіткен және медициналық ғылым мен технологияның қазіргі заманғы даму деңгейі негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестік деңгейі»- деген анықтама берілген.

Сапалы медициналық көмек — бұл білікті медициналық қызметкерлер көрсететін, нормативтік-құқықтық актілерге, медициналық көмек көрсету стандарттарына (ауруларға хаттама толтыру), келісім шарттарына немесе әдетте ұсынылатын талаптарға сәйкес келетін уақтылы медициналық көмек.



Жыл сайын Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын сақтау үшін денсаулық сақтау саласының қажеттілігіне жұмсалатын мемлекет шығыны артып келеді. Бірақ, бұл шығындарды дамыған мемлекеттердегі шығын мөлшерімен салыстыруға келмейді. Мәселен, Еуроодақ елдерінде қоғамға ашық түрде сапалы медициналық көмекке баға беру жүйесі жолға қойылған. Жыл сайын медициналық мекемелердің ұпай бойынша рейтингі құрылады және ол қызметін тұтынатындар үшін денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесінің ашықтық дәрежесі туралы баға беруге мүмкіндік береді. Мұнымен бірге, емдеу сапасы емделушінің мүддесіне – ауыр сырқаттан кейінгі сауығуына сәйкес бағаланады. Сонымен қатар, сапа белгісіне нәресте өлімі, ана өлімі, аурухана ішіндегі жұқпалы індеттер саны, т.б. жатады. Бұдан басқа, Еуроодақ елдерінде «Медициналық қызметті тұтынушылардың ынталы тобы» қоғамдық ұйымы бар, ол емделушілер көзқарасы бойынша денсаулық сақтау жүйесінің жұмысын бағалайды.



Сапалы медициналық көмектің негізгі сипаттамасы:

- ☐ Медициналық көмектің нәтижелігі
- ☐ Емдеу процесінің қауіпсіздігі
- ☐ Емделушіге бағытталу
- ☐ Медициналық көмектің уақтылығы
- ☐ Дәрігерлік қателіктің болмауы
- ☐ Жеткіліктілік
- ☐ Медициналық көмектің қолжетімділігі

Медициналық көмектің қол жетімділігі (тең құқықтық) – ұсынылған медициналық көмектің сапасына қарай емделушінің жынысы, жасы, ұлты, тұрғылықты жері, әлеуметтік-экономикалық статусы, діни сеніміне байланысты айырмашылығы болмауы тиіс. Денсаулық сақтау жүйесі белгілі бір топқа ғана емес, барлық адамға бірдей көмек көрсетуге арналған. Медициналық көмекке қол жеткізу құқығын айтарлықтай деңгейде жүзеге асыратын механизм оның стандарттығы болып табылады. Медициналық стандарттар (ауруларға хаттама толтыру) әртүрлі емдеу-алдын алу ұйымдарында көмек көрсету ерекшеліктері мен қаражаттың шектелуін түсіне отырып құрылады, сондықтан оған қажетті көмектің төменгі деңгейі кіреді.




Медициналық көмектің жоғары сапалалығына жету үшін мынадай шарттарды орындау міндетті:

- жоғары білікті кадрлар;
- жоғары технологиялық ем мен диагностика түрлерін қолдану;
- басқарушылық есеп негізінде емдеу-диагностикалық үрдісті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- қолма-қол автоматтандырылған ақпаратты-техникалық ке-шеннің болуы (аймақтық ақпаратты-сараптау орталығы);
- емделіп шыққандар үшін өркениетті (нақтылы) тарифтердің болуы;



Медициналық сақтандыру –
медициналық көмек сапасы мен
қолжетімділігінің кепілі –сарапшысы.





Медициналық сақтандыру – қорланған қаражат есебінен азаматтардың тегін медициналық көмек алуына кепілдік беруді көздейтін халық денсаулығын қорғау жүйесі. Ол, медициналық жәрдемнің сапасын бақылауды қарастырады, оның мақсаты - міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасымен және медициналық жәрдемнің қолданыстағы стандарттарымен кепілденілген көлемде, сапада және шарттарда медициналық жәрдем алуға азаматтардың (сақтандырылған) құқықтарын қамтамасыз ету.

Науқастардың медициналық көмекпен қанағаттанбауының негізгі себептері:

- ☐ денсаулық сақтау орталығына байланысты
- ☐ ұйымдастыру жағдайына көңіл толмау
- ☐ медициналық қызметкерлердің этика мен деонтологияны бұзуынан туындайтын кикілжіңдер
- ☐ емдеу және зерттеу әдістерінің бұзылуы
- ☐ емдеу, зерттеу әдістерінің жеткіліксіздігі
- ☐ медицина қызметкерлерінің тәжірибелік дағдыларының болмауы .



Қорытынды

Әріптестер арасындағы жақсы қарым-қатынас олардың жұмыс жасайтын ұжымының жақсы белестерге, соның ішінде тікелей науқас қанағатына зор ықпалын тигізеді. Кейбір кәсіби ұжымдар өзінің қиндықтарын қызметпен байланыстырса, дәрігерлер өз қиындықтарын науқастарға жүктейтіні көрініс тауып жатады. Нәтижесі науқастың тағайындаған диагностикалық зерттеулерге сенімсіздікпен қарап, ем үрдісіне уайымдай бастауымен сипатталынады. Ал бұл болса, науқас тарапынан емге деген немқұрайлы көзқарастың орнауының не болмаса, дәрігерге деген сенімсіздік туындауының алғы да басты себептері екені анық. Сондықтан да дәрігерге қойылатын талаптардың бірі ретінде науқастармен қатынасу ерекшеліктерін ескере білуі қарастырылады. Оның егде адамдармен, бүлдіршіндермен, әңгіме ұштасуы орын алады. Бұндай жағдайда, дәрігер кәсіптік этиканы сақтай отырып, өз білімділігін көрсетіп, орнаған жайды қалыпқа келтіру мақсатында оған дерттің болжамы жайлы, терапияның маңыздылығы жайында толықтай ақпараттандыру арқылы, жанашырлығын білдіріп, науқастың сенімін оятуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Денсаулық сақтау жүйесі туралы 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы
- 2) Купреев Е. «Дәрігер парызы» 1998ж.
- 3) Сәуле Елеусізова «Қарым-қатынас психологиясы» Алматы 1995ж.
- 4) Г.А.Оразбекова, А.Н.Сексенали «Дәрігердің коммуникативтік дағдылары», Алматы-2009
- 5) <http://ru.wikipedia.org>
- 6) www.prav.ru
- 7) Разалия Ілешева «Медициналық психология» Алматы «Санат» 1994ж.